



Almaty 2017
28th WINTER UNIVERSIADE



Қысқы Универсиада 2017



Универсиада – Халықаралық Университеттік Спорт Федерациясының (ағылш. *International University Sports Federation (FISU)*)

ұйымдастыруымен студенттер арасында өтетін халықаралық жарыс.

Универсиаданың бір мақсаты – спортты білім беру жүйесінің маңызды элементтерінің бірі ретінде ілгерілету.

Мыңдаған талантты жастардың басын қосатын бұл ойындар екі жылда бір болып тұрады. Яғни бір жылы қысқы спорт түрлерінен өтсе, келесі жылы жазғы ойындар ойналады.

Студенттік спорт тарихы 1905 жылдан басталады. Осы жылы АҚШ-та студент жастардың алғашқы халықаралық жарысы өтті. Бірінші Дүниежүзілік студенттік ойындар 1923 жылы Парижде ұйымдастырылды. Алайда, Универсиада деген атау алған алғашқы спорт жарысы 1959 жылы Италияның Турин қаласында өтті. Содан бергі кезеңде Универсиада әлемдегі ең айшықты халықаралық бұқаралық спорт және мәдени оқиғалардың біріне айналды.

Универсиада тұмары



Almaty 2017
28TH WINTER UNIVERSIADE



Қанатыңды кең серпі!

Қанатыңды кең серпі!

Универсияда аясында өткізілетін спорт түрлері



Тау-шаңғы спорты



Шаңғы жарысы



Биатлон



Мәнерлеп сырғанау



Шорт-трек



Шайбалы хоккей



Керлинг



Сноуборд



Шаңғымен трамплиннен секіру



Конькимен жүгіру спорты



Шаңғы қосайқысы



Фристайл



ҚАЗАҚСТАННЫҢ 2017 ЖЫЛҒЫ ҚЫСҚЫ УНИВЕРСИАДАҒА ҚАТЫСУЫ



171

спортшы 2017 жылғы
Универсиадада Қазақстан
атынан қатысады

соның
ішінде:

 **100**
ер

 **71**
әйел

**Спортшылардың
жасы**

17 мен **28**
аралығында


Өз елімізде өткізілетін Қысқы универсиадаға қатысу үшін ең мықты 171 қазақстандық спортшы дайындық жүргізуде. Олардың қатарында Қазақстан құрамасының фавориттері –Денис Тен (мәнерлеп сырғанау), Юлия Галышева, Павел Колмаков, Жанбота Алдабергенова (фристайл), Роман Креч, Станислав Палкин (конькимен жүгіру спорты), Айдар Бекжанов, Абзал Әжғалиев, Нұрберген Жұмағазиев, Денис Никиша (шорт-трек) және т.б. бар. Алматыда 29 қаңтар-8 ақпан аралығында өтетін 28-ші қысқы Универсиада ойындарында Қазақстан намысын 171 спортшы 12 спорт түрі бойынша қорғайды.

Спорттық нысандар




“Халық арена”. Нысан көпсалалы, 3000 орындық әмбебап мұз аренасы және 300 орындық трибунасы бар кіші аренадан тұрады. Нысанның мұз шабыны волейбол, баскетбол, мини-футбол тағы да басқа ойындар алаңына өзгертуге келетін болып жобаланған. Ойындар кезінде бұл нысан ерлер арасындағы шайбалы хоккейден жарыстарды қабылдайды.

“Алматы арена”. 12000 орындық мәнерлеп сырғанауға арналған Бас арена және 475 орындық Керлингке арналған Кіші аренадан құралған. Мұз сарайы 2017 Қысқы Универсиаданың ең үлкен спорттық нысаны. Көп функциялы кешен Универсиада мұрасы ретінде Қазақстанның бастаушы спорттық ғимараттарының бірі болып, жылына 600 мың көрермен қабылдайтын болады.





“Атлетикалық қалашық”. Тұрғын үй кешені U (Universiade) ағылшын әрпімен орналасқан 14 ғимараттан және қызмет көрсететін 3 блоктан тұрады. Сәулеттік жоспар бойынша барлық нысандар жартасқа салынған суреттердегі күн адамының бейнесін бейнелейді.





“Медеу мұз айдыны”. «Медеу» таушатқалында орналасқан қысқы спортқа арналған ең ірі кешен. Медеудің танымалдылығына шатқалдағы жұмсақ климат пен таза тау суы әсер еткен. Мұз алаңының беті 10,5 мың ш.м., осының арқасында конькимен жүгіру, хоккей және мәнерлеп сырғанаудан жарыстарды өткізуге болады. . 1972 жылдан бастап, «Медеуде» 120 әлемдік рекорд орнатылған. Осы орайда, мұз айдынды «рекордтар ұстаханасы» деп атап кеткен.

“Балуан Шолақ атындағы спорт сарайы”

- Басты арена – әйелдер арасында шайбалы хоккей 28 қаңтар мен 7 ақпан 2017 жыл
- Сырғанау аренасы – Шорт-трек 3 мен 7 ақпан 2017 жыл





“Шымбұлақ”

Алматы қ. Медеу ауданы, Горная көшесі 640.

Орналасқан жері: Теңіз деңгейінен 2260 метр, Іле Алатауының баурайларында.

Жолдар халықаралық таушаңғы спорты федерациясының(FIS) аттестациясынан өткен.

2011 жылы Алматыда өткен Азия ойындарына арналып, “Шымбұлаққа” дейін, “Медеу” мұз айдынынан басталатын заманауи аспалы жол салынған. Барлығы 114 жайлы кабиналар бір сағатта 2500-3000 адамды тасымалдай алады.

Ойындар кезінде кешен, таушаңғы, сноуборд, фристайлдан жарыстарды қабылдайды.



“Сұңқар”. Бірегей нысан 2010 жылы салынған. Бұл кешеннің көлемі 28163 шаршы метр, мінбеде 5200 орындық бар.

Екі аймақтан тұрады – біріншісі халықаралық деңгейдегі жарыстарды өткізетін аймақ, екіншісі оқу-жаттығу өткізетін аймақ. Бұдан бөлек мұнда бес трамплин бар: халықаралық деңгейдегі К-125 тұғыры (әлем бойынша көп кездесе бермейтін ең үлкен трамплиндердің бірі), К-95(әлем бойынша 300 ғана) және балаларға арналған — К-60, К-40, К-20 тұғырлары.

Бұл әмбебап тұғырлар, мұнда қарда ғана емес жасанды төсенішпен сырғанап, секіруге де болады. Төрешілер блокы, аспалы жол, паркинг, медиа орталық, қажеттінің барлығы бар.

Ойындар кезінде трамплин, тұғырдан секіру жарыстарын қабылдайды.



АЛАУ АТРИБУТТАРЫ



Алау – От Эстафетасының негізгі белгісі. Алау – Оттың түрлі ауа-райы жағдайында ашық ауада ұзақ және қарқынды жануын қамтамасыз ете алатын жылжымалы құрылғы

Отты тасымалдау ыдысы өзіндегі ауаны жеткізу және жалынның жану өнімдерін шығару металл тор арқылы жүзеге асырылатын Дэви шамшырағы болып табылады.

Әр облыс орталығында шарықтау шегі болып Ойындардың дәл көшірмесі болып табылатын **Қалалық От ұясында** Оттың тууы табылатын жеке Эстафета кезеңі өткізіледі.

29 қаңтар
января - 8 ақпан
февраля



Almaty 2017
28TH WINTER UNIVERSIADE

